

"Автомобиль, темір жол, ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 1205 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 823 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 3 қыркүйектегі № 692 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 4 қыркүйектегі № 79 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 10 қыркүйекте № 19363 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Автомобиль, теміржол, ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 1205 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 823 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12769 болып тіркелген, 2016 жылғы 10 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

3-7) және 3-8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

3-7) осы бірлескен бұйрыққа 3-7-қосымшаға сәйкес техникалық қарап-тексеру операторларына қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3-8) осы бірлескен бұйрыққа 3-8-қосымшаға сәйкес тез бұзылатын жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушыларға қатысты автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

осы бірлескен бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес 3-8 және 3-9-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Индустрия даму	және	Республикасының инфрақұрылымдық Ұлттық министрі	Қазақстан Республикасының экономика
_____ Р. Склир		_____ Р. Дәленов	

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және арнайы

есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы

Индустрия және

инфрақұрылымдық

даму министрінің

2019 жылғы 3 қыркүйектегі

№ 692 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2019 жылғы 4 қыркүйектегі

№ 79 бірлескен бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің міндетін

атқарушының

2015 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 1205 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 823 бірлескен бұйрығына

3-8-қосымша

Автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы

тез бұзылатын жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін
автомобильмен

тасымалдаушыларға

қатысты _____

(бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық
бақылауды тағайындау туралы акт

(№, күні)

Тексерілетін бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____

Орналасқан

мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Автокөлік құралдарын жолаушылар мен азық-түлік өнімдерін, сондай-ақ тасымалдау кезінде аталған мемлекеттік органдардың қорытындысын талап ететін жүктерді халықаралық тасымалдауға жіберу туралы санитариялық-эпидемиологиялық органдар қорытындысының болуы				
2.	Қазақстан Республикасында тіркелген, уәкілетті органмен берілетін тез бұзылатын жүктерді халықаралық тасымалдауға арналған автокөлік құралдарына куәліктің болуы				
3.	Жөндеу және өндірістік базаның, техникалық құралдардың, тиеу-түсіру механизмдерінің, бақылау-өлшеу				

аппаратураларының, жабдыкталған қызметтік үй-жайдың болуы және автокөлік құралдарының техникалық пайдаланылуының белгіленген талаптарға сәйкес келуі				
--	--	--	--	--

Лауазымды адам (адамдар) _____
(лауазымы) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау субъектісінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

(қолы)

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 692 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 4 қыркүйектегі
№ 79 бірлескен бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 1205 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 823 бірлескен бұйрығына
3-9-қосымша

Автомобиль көлігі аясында мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы

тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету, электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты

(бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы)
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

(№, күні)
Тексерілетін бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан мекенжайы

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Тахографтарды орнату мен оларға қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асырудың басталуы туралы жергілікті атқарушы органдарға жолданған хабарламаның болуы				
2.	Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру бойынша қызметті жүзеге асырудың басталуы туралы уәкілетті органға жолданған хабарламаның болуы				
3.	Тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттың (тахографтарды салыстырып тексеру жөнінде жұмыстар жүргізу құқығына аккредиттеу аттестаты, тахографты тексеру туралы сертификат, тахографты кезендік тексеру туралы куәлік, тахографтармен жұмысты есепке алу журналы, өндірістік үй-жайға техникалық құжаттама) болуы				

Лауазымды адам (адамдар) _____
(лауазымы) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау субъектісінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

(қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК